

## Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінде

### СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МТС-ТАРЫ МЕН КОЛХОЗДАРЫНДА КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ӘЗІРЛІКТІҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Семей облысының МТС-тары мен колхоздарында көктемгі егіске әзірліктің барысы туралы мәселе талқылады. Бұл жөнінде ҚК(б)П Семей облыстық комитетінің секретарі Гарагаш жолдас, ҚК(б)П Аягөз аудандық комитетінің секретарі Бейсенбаев, Белағаш аудандық комитетінің секретарі Журин жолдас тар, Қаракөл МТСның директоры Балғабаев және Бородулихинская МТСның директоры Ясько жолдас тар баяндама жасады.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті қабылданған қаулыда көктемгі егіске дайындықтың барысы жалпы алғанда Семей облысында және сол сыяқты Белағаш, Аягөз аудандарында, Қаракөл және Бородулихинская МТС-тарында тіпті қанағаттанғысыз екендігін атап көрсетті.

ҚК(б)П Семей облыстық комитеті көктемгі егіске әзірлікке шын мәнісінде және нақтылы басшылық жасамағандығы, әрбір МТС-тың жұмысын жете біліп, артта қалушылықтың сырын ашу, артта қалған МТС-тарды алдыңғы қатарлыларға тенеу үшін шұғыл шаралар қолдау орнына, өз жұмысын әртүрлі мәліметтер жыйнаумен тындырған.

Осылардың салдарынан облыстағы 23 МТС-тың 17сі трактор ремонттарының 1943 жылғы IV тоқсандық планын орындамаған; сондай-ақ трактор ремонттарының осы жылғы январь айлық планы да орындалмады. Осының салдарынан Семей облысы тракторлардың күзгі-қысқы ремонт планын 1944 жылғы 1 февральға дейін небары 37,5 процент ғана орындап, республика көлемінде артта қалды.

Ремонтталған тракторлардың сапасы өте төмен. Тексере келгенде, ремонттан шыққан 49 трактордың 44 де әлі де болса елеулі кемшіліктердің бар екендігі анықталды. Сондай-ақ, Семей облысының МТС-тары мен колхоздары ауылшаруашылық тіркеу саймандарын ремонттауда да артта қалды. Қысқы агротехникалық шаралар—егіс жеріне қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыш заттар дайындау және оны төгу жұмыстары облыс колхоздарында мүлде ұйымдастырылмаған.

Көктемгі егіске әзірлікте артта қалушылықты жою үшін дереу шара қолдану орнына, Семей обкомі мен көптеген аудандық партия комитеттері көмірдің жоқтығына, қосалқы бөлшектердің жетіспеушілігіне сүйеніп артта қалушылықты бөгде себептермен дәлелдеумен шұғылданған. Мұнымен бірге, облыстық партия комитеті қосалқы бөлшектер өндіру жөніндегі планын орындамаған өнеркәсіп орындарының басшыларына қатты талап қоймаған.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Семей облысында тұқым күйі

жұмысы тіпті қанағаттанғысыз жүріп жатқандығын атап көрсетті. 25 январьға дейін облыс колхоздары 1943 жылғы егіс алаңының 38,7 процентін ғана дәнді егіс тұқымымен қамтамасыз еткен. Тұқым тазартудың барысы баяу. Алғашқы тексеріс кезінде өңгіштігі кем деп танылған тұқым, осы уақытқа дейін егіс кондициясына жеткізілмеген.

Семей облыстық партия комитеті мен көптеген аудандық партия комитеттері көктемгі егіске әзірлікті ұйымдастыру мәселелеріне жете көңіл бөлмеген. Колхоздарда әлі күнге дейін егіннен мол өнім алу жөніндегі звенолар ұйымдастырылмаған. Мұнда звеновойлар іріктелмеген, оларды курстарда оқыту ісі ұйымдастырылмаған. Семей облысында шығырмен суарылатын және сумен қамтамасыз етілген жер тіпті көп, бірақ егіннен мол өнім алу ісіндегі бұл сыяқты аса маңызды іске облыста ешбір назар аударылмаған.

ҚК(б)П Орталық Комитеті облыстағы шешуші аудан—Белағаш ауданында МТС-тар мен колхоздардың көктемгі егіске дайындығының барысы барлық жағынан дерлік ойсыраған оқшылықта екендігін атап көрсетті. Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен аудандық партия комитеті Белағаш машина-трактор мастерскойның жұмысын бетімен жіберген, оны ремонт жұмыстарын табысты түрде жүргізудің елеулі бір базасына айналдырмаған, осының салдарынан бұл МТМ қазір ешбір жұмыс істемей текке тұр. Аудандық партия комитеті тракторларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның председателі етіп, үкмет пен партия қаулыларының талабы бойынша, аудандық партия комитетінің секретарі мен аудандық совет аткомінің председателін бекіту орнына, басқа адамдарды бекіткен. Бұл ауданның 19 колхозы егіс жеріне қар тоқтатуға кіріспеген. Небары 318 ғана жұмыс аты мен өгіз тынығуға қойылған. Белағаш аудандық партия комитеті, оның бірінші секретарі Журин жолдас бұрынғы ефремовшылар звеноларының активінен мүлде қол үзіп, ауданда егіннің өнімділігін молайту үшін ешбір шара қолданбай отыр. Аудан колхоздары өздері егіс тұқымымен қамтамасыз етпеген және көктемгі егіске арнап тұқым дайындау жұмысымен жете шұғылданбай отыр.

Аягөз ауданы Семей облысындағы өте өте маңызды және көктемгі егіске ең бірінші болып кірісетін аудан. Мұнда трактор ремонттында МТС-тарға зор көмек көрсете алатын дайындау Халық Комиссариатының Аягөздегі ремонт заводы, депо және басқа ірі өнеркәсіп орындары бар. Бірақ кәсіп орындары ремонт жұмыстарын айдағыдай жүргізу ісі

Жеңіс енді жақын, бірақ оған жету үшін, күшімізді одан сайын аяқбай жұмсауымыз керек, бүкіл тылымыз жан қыярлықпен жұмыс істеуі керек, майданда Қызыл Армия шеберлікпен батыл қыймыл жасауы керек.

И. СТАЛИН.

не пайдаланылмаған. Кәсіп орындарының МТС-тарды қамқорлыққа алуы ұйымдастырылмаған. Аудандық партия комитеті (секретарі Бейсенбаев жолдас) трактор ремонттына кеңсешіл-бюрократтық әдіспен басшылық жасайды. Аудандық партия комитетінің көктемгі егіске дайындығы жөніндегі қаулыларын жазу және оны орындаушыларға жеткізу 20 күнге созылған. Сондай-ақ, бұл қаулылардың орындалуын бақылау ұйымдастырылмаған. Аудандық партия комитеті колхоздарды егіс тұқымымен қамтамасыз ету жөнінде ешбір шара қолданбай отыр. Бұл ауданның жеке колхоздары—Сталин атындағы, «Коммунар», Буденный атындағы, Молотов атындағы, «Жаңа ауыл» колхоздары керекті тұқымның небары 6—7 процентін ғана құйған.

ҚК(б)П Орталық Комитеті Бородулихинская МТСның директоры Ясько жолдас жұмыста тәжірибесінің мол екендігіне және жабдықталған машина-ремонт мастерскойның барлығына қарамастан, трактор ремонтты планын орындай алмағандығын атап көрсетті. МТС 25 январьға дейін трактор ремонттарының планын небары 27 процент ғана орындады. Тексере келгенде, ремонтталған 11 трактордың бәрінде де бірсыра елеулі кемшіліктердің бар екендігі анықталды. МТС-та жеке узелдардың сапалы ремонтталуы үшін бақылау тағайындалмаған, осының салдарынан бір бригаданың өзі ремонттаған жеке узелдар (блок головкасы) барлық тракторларда да іске жарығысыз болып шыққан.

ҚК(б)П Орталық Комитеті Қаракөл МТСның директоры Балғабаев жолдас өзінің іскерлік қаблеті жағынан машина-трактор станциясына басшылық жасауды қамтамасыз ете алмайтындығын айқындады. Қаракөл МТСы облыстағы алдыңғы қатарлы МТС-тан артта қалушылардың қатарына қосылған. Семей обкомі мен Аягөз аудандық партия комитеті Балғабаев жолдасы МТС директоры етіп тағайындап, оған көмек көрсетпегендігі, МТС аппаратын мамандармен (апрономдар, механиктер, бухгалтерлер және басқалар МТС-та мүлде жоқ) толықтырылмаған.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті қабылданған қаулыда ҚК(б)П Семей облыстық комитетінің секретарі Гарагаш жолдасқа облыстық МТС-тары мен колхоздарында көктемгі егіске әзірлік мәселесіне оның қанағаттанғысыз басшылық жасағандығын атап көрсетіп, әрбір МТС пен колхоздың көктемгі егісті өткізуге деркесінде дайындалуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануды одан талап етті.

Семей облыстық партия комитеті өрсесе облыстың оңтүстік ауданда-

ры: Аягөз, Мақаншы, Үрждар және Ақсуат аудандарында көктемгі егіс жұмыстарына дайындықтың барысына ерекше назар аударуға міндетті, сөйтіп бұл аудандар көктемгі егіске дайындық жұмыстарының бәрін осы жылғы 15 марттан кешіктірмей аяқтайтын болсын, мұнымен бірге, облыстың басқа аудандарында көктемгі егіске әзірліктің барысына басшылық бөсеңдетілмеуге тиіс.

ҚК(б)П Орталық Комитеті үкмет пен партияның тракторлардың күзгі-қысқы ремонттарының планы мен мерзімі, оны материалдармен жабдықтау және трактор ремонттарының планын деркесінде орындағаны үшін МТС пен совхоз қызметкерлеріне сыйлық беру шаралары туралы қаулысын Семей облыстық партия комитеті ҚК(б)П аудандық комитеттеріне жеткізбегендігін атап көрсетті. ҚК(б)П обкомі аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарларының жоғарыда көрсетілген қаулымен дереу таныстыруға және бұл қаулының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге міндеттеді.

ҚК(б)П Орталық Комитеті осы жылғы 25 февральға дейін ремонтталған тракторлардың сапасын жаппай тексеру ісін өткізіп, болған барлық кемшіліктерді дереу жою үшін шара қолдануды, мұнымен қатар трактор ремонттарының сапасы мен ремонтталып шыққан тракторларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың жұмысына қатаң бақылау тағайындауды ұсынды.

Облыстың көптеген МТС-тарының Нефтьсәб базаларынан алшақтығына байланысты, ҚК(б)П облыстық комитеті (секретарі Гарагаш жолдас) мен Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты (халық комиссары Дауылбаев жолдас) ең алдымен түкпірдегі пункттерден астық тасуда жүрген транспорттың бос қайтатын сапарларын пайдалана отырып, МТС-тардың 1944 жылы 1 мартқа дейін I тоқсанның лимиті бойынша бөлінген жанармайды толық тасып алуы үшін шұғыл шаралар қолдануға міндетті.

1944 жылдың егіс алаңын тұқым мен қамтамасыз ету—партия ұйымдарының ең басты міндеттерінің бірі деп есептеп, Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Семей облыстық партия комитеті мен барлық аудандық партия комитеттерін егіс тұқымын күйеу жөнінде шешуші шаралар қолдануды, сөйтіп 1944 жылғы 15 марттан кешіктірмей тұқымды толық күйеу, тазарту және оны егіс кондициясына жеткізу жұмыстарын аяқтауды талап етті.

(Жалғасы 2-бетте).

## Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінде

### СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МТС-ТАРЫ МЕН КОЛХОЗДАРЫНДА КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ӘЗІРЛІКТІҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Семей облысының МТС-тары мен колхоздарында көктемгі егіске әзірліктің барысы туралы мәселе талқылады. Бұл жөнінде ҚК(б)П Семей облыстық комитетінің секретарі Гарағаш жолдас, ҚК(б)П Аягөз аудандық комитетінің секретарі Бейсенбаев, Белағаш аудандық комитетінің секретарі Журин жолдас, Каракөл МТС-ның директоры Балғабаев және Бородулихинская МТС-ның директоры Ясько жолдас баяндама жасады.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті қабылданған қаулыда көктемгі егіске дайындықтың барысы жалпы алғанда Семей облысында және сол сыяқты Белағаш, Аягөз аудандарында, Каракөл және Бородулихинская МТС-тарында тіпті қанағаттанғысыз екендігін атап көрсетті.

ҚК(б)П Семей облыстық комитеті көктемгі егіске әзірлікке шын мәнісінде және нақтылы басшылық қасамағандығы, әрбір МТС-тың жұмысын жете біліп, артта қалушылықтың сырын ашу, артта қалған МТС-тарды алдыңғы қатарлыларға тенеу үшін шұғыл шаралар қолдау орнына, өз жұмысын әртүрлі мәліметтер жыйнаумен тындырған.

Осылардың салдарынан облыстағы 23 МТС-тың 17-сі трактор ремонттарының 1943 жылғы IV тоқсандық планын орындамаған; сондай-ақ трактор ремонттарының осы жылғы январь айлық планы да орындалмады. Осының салдарынан Семей облысы тракторлардың күзгі-қысқы ремонт планын 1944 жылғы 1 февральға дейін небары 37,5 процент ғана орындап, республика көлемінде артта қалды.

Ремонтталған тракторлардың сапасы өте төмен. Тексере келгенде, ремонттан шыққан 49 трактордың 44-де әлі де болса елеулі кемшіліктердің бар екендігі анықталды. Сондай-ақ, Семей облысының МТС-тары мен колхоздары ауылшаруашылық тіркеу саймандарын ремонттауда да артта қалды. Қысқы агротехникалық шаралар—егіс жеріне қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыш заттар дайындау және оны төгу жұмыстары облыс колхоздарында мүлде ұйымдастырылмаған.

Көктемгі егіске әзірлікте артта қалушылықты жою үшін дереу шара қолдану орнына, Семей обкомі мен көптеген аудандық партия комитеттері көмірдің жоқтығына, қосалқы бөлшектердің жетіспеушілігіне сүйеніп артта қалушылықты бөгде себептермен дәлелдеумен шұғылданған. Мұнымен бірге, облыстық партия комитеті қосалқы бөлшектер өндіру жөніндегі планын орындамаған өнеркәсіп сұрындарының басшыларына қатты талап қоймаған.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Семей облысында тұқым күйі

жұмысы тіпті қанағаттанғысыз жүріп жалқандығын атап көрсетті. 25 январьға дейін облыс колхоздары 1943 жылғы егіс алаңының 38,7 процентін ғана дәнді егіс тұқымымен қамтамасыз еткен. Тұқым тазартудың барысы баяу. Алғашқы тексеріс кезінде өңгіштігі кем деп танылған тұқым, осы уақытқа дейін егіс кондициясына жеткізілмеген.

Семей облыстық партия комитеті мен көптеген аудандық партия комитеттері көктемгі егіске әзірлікті ұйымдастыру мәселелеріне жете көңіл бөлмеген. Колхоздарда әлі күнге дейін егіннен мол өнім алу жөніндегі звенолар ұйымдастырылмаған. Мұнда звеновойлар іріктелмеген, оларды курстарда оқыту ісі ұйымдастырылмаған. Семей облысында шығырмен суарылатын және сумен қамтамасыз етілген жер тіпті көп, бірақ егіннен мол өнім алу ісіндегі бұл сыяқты аса маңызды іске облыста ешбір назар аударылмаған.

ҚК(б)П Орталық Комитеті облыстағы шешуші аудан—Белағаш ауданында МТС-тар мен колхоздардың көктемгі егіске дайындығының барысы барлық жағынан дерлік ойсыраған олқылықта екендігін атап көрсетті. Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен аудандық партия комитеті Белағаш машина-трактор мастерскойының жұмысын бетімен жіберген, оны ремонт жұмыстарын табысты түрде жүргізудің елеулі бір базасына айналдырмаған, осының салдарынан бұл МТМ қазір ешбір жұмыс істемей текке тұр. Аудандық партия комитеті тракторларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның председателі етіп, үкмет пен партия қаулыларының талабы бойынша, аудандық партия комитетінің секретарі мен аудандық совет аткомінің председателін бекіту орнына, басқа адамдарды бекіткен. Бұл ауданның 19 колхозы егіс жеріне қар тоқтатуға кіріспеген. Небары 318 ғана жұмыс аты мен өгіз тынығуға қойылған. Белағаш аудандық партия комитеті, оның бірінші секретарі Журин жолдас бұрынғы ефремовшылар звеноларының активінен мүлде қол үзіп, ауданда егіннің өнімділігін молайту үшін ешбір шара қолданбай отыр. Аудан колхоздары өздері егіс тұқымымен қамтамасыз етпеген және көктемгі егіске арнап тұқым дайындау жұмысымен жете шұғылданбай отыр.

Аягөз ауданы Семей облысындағы өте өте маңызды және көктемгі егіске ең бірінші болып кірісетін аудан. Мұнда трактор ремонттында МТС-тарға зор көмек көрсете алатын дайындау Халық Комиссариатының Аягөздегі ремонт заводы, депо және басқа ірі өнеркәсіп орындары бар. Бірақ кәсіп орындары ремонт жұмыстарын ойдағыдай жүргізу ісі

Жеңіс енді жақын, бірақ оған жету үшін, күшімізді одан сайын аяқбай жұмсауымыз керек, бүкіл тылымыз жан қыярлықпен жұмыс істеуі керек, майданда Қызыл Армия шеберлікпен батыл қыймыл жасауы керек.

И. СТАЛИН.

не пайдаланылмаған. Кәсіп орындарының МТС-тарды қамқорлыққа алуы ұйымдастырылмаған. Аудандық партия комитеті (секретарі Бейсенбаев жолдас) трактор ремонттына кеңсешіл-бюрократтық әдіспен басшылық жасайды. Аудандық партия комитетінің көктемгі егіске дайындығы жөніндегі қаулыларын жазу және оны орындаушыларға жеткізу 20 күнге созылған. Сондай-ақ, бұл қаулылардың орындалуын бақылау ұйымдастырылмаған. Аудандық партия комитеті колхоздарды егіс тұқымымен қамтамасыз ету жөнінде ешбір шара қолданбай отыр. Бұл ауданның жеке колхоздары—Сталин атындағы, «Коммунар», Буденный атындағы, Молотов атындағы, «Жаңа ауыл» колхоздары керекті тұқымның небары 6—7 процентін ғана құйған.

ҚК(б)П Орталық Комитеті Бородулихинская МТС-ның директоры Ясько жолдас жұмыста тәжірибесінің мол екендігіне және жабдықталған машина-ремонт мастерскойының барлығына қарамастан, трактор ремонтты планын орындай алмағандығын атап көрсетті. МТС 25 январьға дейін трактор ремонттарының планын небары 27 процент ғана орындады. Тексере келгенде, ремонтталған 11 трактордың бәрінде де бірсыра елеулі кемшіліктердің бар екендігі анықталды. МТС-та жеке узелдардың сапалы ремонтталуы үшін бақылау тағайындалмаған, осының салдарынан бір бригаданың өзі ремонттаған жеке узелдар (блок головок) барлық тракторларда да іске жарығысыз болып шыққан.

ҚК(б)П Орталық Комитеті Каракөл МТС-ның директоры Балғабаев жолдас өзінің іскерлік қаблеті жағынан машина-трактор станциясына басшылық жасауды қамтамасыз ете алмайтындығын айқындады. Каракөл МТС-ы облыстағы алдыңғы қатарлы МТС-тан артта қалушылардың қатарына қосылған. Семей обкомі мен Аягөз аудандық партия комитеті Балғабаев жолдасы МТС директоры етіп тағайындап, оған көмек көрсетпегендігі, МТС аппаратын мамандармен (апрономдар, механиктер, бухгалтерлер және басқалар МТС-та мүлде жоқ) толықтырылмаған.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті қабылданған қаулыда ҚК(б)П Семей облыстық комитетінің секретарі Гарағаш жолдасқа облыстық МТС-тары мен колхоздарында көктемгі егіске әзірлік мәселесіне оның қанағаттанғысыз басшылық жасағандығын атап көрсетіп, әрбір МТС пен колхоздың көктемгі егісті өткізуге деркесінде дайындалуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдануды одан талап етті.

Семей облыстық партия комитеті өрсесе облыстың оңтүстік ауданда-

ры: Аягөз, Мақаншы, Үржар және Ақсуат аудандарында көктемгі егіс жұмыстарына дайындықтың барысына ерекше назар аударуға міндетті, сөйтіп бұл аудандар көктемгі егіске дайындық жұмыстарының бәрін осы жылғы 15 марттан кешіктірмей аяқтайтын болсын, мұнымен бірге, облыстың басқа аудандарында көктемгі егіске әзірліктің барысына басшылық бөсеңдетілмеуге тиіс.

ҚК(б)П Орталық Комитеті үкмет пен партияның тракторлардың күзгі-қысқы ремонттарының планы мен мерзімі, оны материалдармен жабдықтау және трактор ремонттарының планын деркесінде орындағаны үшін МТС пен совхоз қызметкерлеріне сыйлық беру шаралары туралы қаулысын Семей облыстық партия комитеті ҚК(б)П аудандық комитеттеріне жеткізбегендігін атап көрсетіп, ҚК(б)П обкомін аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьларының жоғарыда көрсетілген қаулымен дереу таныстыруға және бұл қаулының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге міндеттеді.

ҚК(б)П Орталық Комитеті осы жылғы 25 февральға дейін ремонтталған тракторлардың сапасын жаппай тексеру ісін өткізіп, болған барлық кемшіліктерді дереу жою үшін шара қолдануды, мұнымен қатар трактор ремонттарының сапасы мен ремонтталып шыққан тракторларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың жұмысына қатаң бақылау тағайындауды ұсынды.

Облыстың көптеген МТС-тарының Нефтьсәб базаларынан алшақтығына байланысты, ҚК(б)П облыстық комитеті (секретарі Гарағаш жолдас) мен Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты (халық комиссары Дауылбаев жолдас) ең алдымен түкпірдегі пункттерден астық тасуда жүрген транспорттың бос қайтатын сапарларын пайдалана отырып, МТС-тардың 1944 жылы 1 мартқа дейін I тоқсанның лимиті бойынша бөлінген жанармайды толық тасып алуы үшін шұғыл шаралар қолдануға міндетті.

1944 жылдың егіс алаңын тұқыммен қамтамасыз ету—партия ұйымдарының ең басты міндеттерінің бірі деп есептеп, Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Семей облыстық партия комитеті мен барлық аудандық партия комитеттерін егіс тұқымын күйі жөнінде шешуші шаралар қолдануды, сөйтіп 1944 жылғы 15 марттан кешіктірмей тұқымды толық күйі, тазарту және оны егіс кондициясына жеткізу жұмыстарын аяқтауды талап етті.

# СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МТС-ТАРЫ МЕН КОЛХОЗДАРЫНДА КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ӘЗІРЛІктің БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ҚК(б)П облыстық, аудандық комитеттері, совет және жер органдары алғашқы тексеріс кезінде өңіш сапасы төмен деп табылған тұқымды егіс-кондициясына жеткізу үшін ұқыпты және тығыздықты жүзеге істемегендігі, мұның егіс тұқымын әртүрлі шаруашылық мұхтажына жұмсалып, талан-таражға ер жуына себеп болатындығын және егіс тұқымының, мөлшерден кем сеуілу қаупін туғызғандығын түсіндіріп дұрыс емес деп танылды. Партия ұйымдары, совет және жер органдары бұған мейлінше назар аударып, жақсы нәтиже беретін барлық істерді қолдана отырып, барлық айылға тұқымды егіс кондициясы жеткізу жұмыстарын күшейтуге міндетті.

ҚК(б)П Орталық Комитеті Семей облыстық партия комитетіне, облыстық өнеркәсіп орындарында трактор мен ауылшаруашылық машиналарына керекті қосалқы бөлшектер асап шығару ісінің аса маңызды етісін анықтап, оны орындауға қажетті материалдарды, өлшемдерін, сәтіндіктерін, сөйтіп ҚК(б)П обкоміне қосалқы бөлшек тізімін әрбір өнеркәсіп орнының ұйымына қатаң бақылау тағайындауды, қосалқы бөлшек оқсап шығарудан бас тартқан кәсіп орындарының басшыларын қатаң жауапқа тартуды тапсырды.

ҚК(б)П Орталық Комитеті Семей облыстық партия комитетіне мыналарды міндеттеді:

а) ҚК(б)П Орталық Комитетінің бір колхозда егіннен мол өнім алу зенитарияны ұйымдастыру жөніндегі бұйрығының, 15 февральдағы кешіктілмей орындалуы қамтамасыз етіліп, звеноларды іріктеп алу жұмысы өткізілсін және оларды аудандық, ауданаралық курстарда оқыту ұйымдастырылсын;

б) 15 мартқа дейін әрбір колхозда егін тоқтату және егіс жеріне көптеген жұмыс орындалсын, бұл жұмыс ең алдымен оғаш-бақша және огород егістеріне арналған таңдауға жүргізілсін;

в) март айының ішінде агрономдардың, су шаруашылығы мамандарының және тракторбелді колхозшылардың қатысуымен облыстық, аудандық және жергілікті деңгейдегі суарылатын аудандардағы және қамтамасыз етілген аудандардың есебін алу және әрбір колхозда ауылшаруашылық егістерінің өнімділігін молайту үшін суарылатын жерлердің неғұрлым жақсы пайдаланылуына қамтамасыз ететін шаралар белгіленсін;

г) көктемгі егіс науқаны басталғанға дейін шығыр жабдыктарын ремонттау және шығырларды, тазарту жұмысы аяқталсын, бұл жұмыстардың сапалы болуына ерекше назар аударылсын;

д) жаппай және орта мамандықтағы бар ирригация кадрларын дайындау жөніндегі курстар 1944 жылғы апрельге дейін толық аяқталсын, гидротехник, 8 гидротетр, 15 су құрғыншыларын, 60 колхоз мұрабташы, 15 колхоз машинистерін, 470 гін суарыпшы дайындау ісі қамтамасыз етілсін.

Колхозшы өлшемдердің көктемгі даму жұмыстарына қатысуы үшін халықтардың жағдай жасау мақсатымен, облыстық партия комитетіне әрбір колхозда балалар яслиі мен балалар бақшаларын ұйымдастыруға дереу кірісу жүктелді.

ҚК(б)П Орталық Комитеті Белағаш аудандық партия комитетінің секретарі Журиин жолдас аудандағы көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының барысын жақсартуға міндеттеді. Әсіресе оған ауданның барлық МТС-тарында трактор ремонтты планының 1 апрельге дейін орындалуын қамтамасыз ету жүктелді. Осы мерзімге дейін барлық ауыл шаруашылық тіркеу саймандарының ремонтты аяқталсын; әрбір колхозда егіннен мол өнім алу звеноларын ұйымдастыруға ерекше назар аударылсын, бұл звеноларды толықтыру үшін ең алдымен бұрын Ефремов звеноларында жұмыс істеген колхозшылар пайдаланылсын; ауданның колхоздары 1944 жылдың егіс алаңын тұқыммен қамтамасыз ететін болсын, көктемгі егіс басталғанға дейін көлік күшімен жегу саймандары толық дайындалсын.

Қазақ ССР Жер Халық Комиссарияты (халық комиссары Дауылбаев жолдас), ҚК(б)П облыстық комитеті (секретарі Гарағаш жолдас) және ҚК(б)П Белағаш аудандық комитеті (секретарі Журиин жолдас) 15 февральға дейін Белағаш МТСының жұмысындағы кемшіліктерді ашу жөнінде барлық шараларды қолдануға міндетті, бұл МТСға директор іріктеп алып, бекітуге, өнеркәсіп орындарынан алынған станоктардың есебінен МТСны толық жабдықтауға және оны ремонт кадрларымен толықтыруға, сөйтіп Белағаш МТСының Семей облысының тракторлары үшін қосалқы бөлшек өндіретін ірі базаға айналдыруға міндетті.

Көктемгі егістің барысына қанағаттанғысыз басшылық жасағаны үшін, трактор ремонттының планын орындау жөнінде уақтылы шаралар қолданбағаны, ауданның барлық мүмкіншілігін қосалқы бөлшектер жасап шығаруға пайдаланбағаны үшін—ҚК(б)П Аягөз аудандық комитетінің секретарі Бейсенбаев жолдасқа сөгіс жарияланды. Бейсенбаев жолдасқа егер ол ауданда көктемгі егіске дайындық жағдайын жақсартпаса, онда оған партия жазасының бұдан да ауыр шаралары қолданылатындығы ескертілді.

ҚК(б)П Орталық Комитеті Бейсенбаев жолдасқа ауданның барлық өнеркәсіп орындарында қосалқы бөлшектер жасап шығару ісін ұйымдастыруды, сөйтіп өз ауданының МТС-тарын және сондай-ақ Үржар, Мақаншы аудандарының МТС-тарын қосалқы бөлшектермен толық қамтамасыз етуді жүктелді. Ауданның барлық МТС-тарында трактор ремонтты 20 марттан кешіктірілмей толық аяқталсын. Егіс тұқымын күйю және оны дайындау жөнінде барлық шаралар қолданылсын, әсіресе ауданның артта қалған колхоздарына, егіс жерін іріктеп алуға, жер суару системасының тәртіпке келтірілуіне және Аягөз ауданының жағдайларында егіннен мол өнім алу үшін зор маңызы бар іс—қысқы ылғалды ұйынау ісіне ерекше назар аударылсын.

МТСқа басшылық жасауды қамтамасыз етпеген Қаракөл МТСының директоры Балғабаев жолдас қызметінен босатылды.

# СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

## 10 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

10 февральда ЛУЖСКИ бағытында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, ЗАМОСТЬЕ, ВЕТЧИНЫ, ЗАОЗЕРЬЕ, КРЕСТЬЯНСКИЙ ТРУД, ТОЛМАЧЕВО, ЖЕЛЬНЫ, ПЛОСКОВО елді пункттері мен ТОЛМАЧЕВО темір жол станциясын алды.

НОВГОРОДТЫҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізуде болды, бұл ұрыстардың барысында бірнеше елді пунктті алды.

ЗВЕНИГОРОДКАНЫҢ және ШПОЛАНЫҢ солтүстік жағында әскерлеріміз душпанның қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ұрыстар жүргізе отырып, қоршау шеңберін қысты, сөйтіп ЯНОВКА, НЕХВОРОДЦЬ, ЗАБАДОВКА, НАБОВОК ХУТОР, СЕРЕДИН ЯР, ЯНОВ, МЛЕЕВ, ГРУЗЬКА елді пункттері мен ВАЛЯВА, ЗАБАДОВКА темір жол станцияларын алды.

АПОСТОЛОВОНЫҢ батыс жағында әскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізіп, бірнеше елді пунктті алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді, артиллерия-миномет атысы болып тұрды және бірсыра пункттерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

9 февральда барлық майдандарда әскерлеріміз немістердің 43 танкін қыйратты, жойды. Өуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен душпанның 29 самолеті атып түсірілді.

Лужскі бағытында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Н. құрамасының бөлімдері орай қамтып маневр жасап, душпанның кері шегініп бара жатқан жолын алды және 40дей гитлершілді жойды. Осы ауданда немістерден 10 зеңбірек, ірі калибрлі 20 пүлемет және жүк тиегін 70 ағ-шана қолға түсірілді. Бүгін әскерлеріміз ұрыснен алға басып, бірнеше елді пунктті және зор маңызы бар Толмачево темір жол станциясын алды.

Новгород қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізіп, бірнеше елді пунктті алды. Бұл пункттер үшін болған ұрыстарда немістердің 500ден аса солдат мен офицері жойылды, 3 танкі мен өздінен жүретін екі зеңбірегі қыйратылды.

Совет авиациясы душпанның әскерлеріне шабуыл жасап, оны бомбалады. Күн тәулік ішінде летчиктеріміз немістердің 3 темір жол эшелонын талқандады, 8 да зеңбірегі мен өздінен жүретін зеңбірегін, 10 автомашинасын, оқ дәрі складын жойды, душпанның бір баталондай жаю әскерін тозғындатып, бірсырасын қырды.

Звенигородка және Шпола қалаларының солтүстік жағында әскерлеріміз душпанның қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ұрыстар жүргізді. Н. құрамасының бөлімдері душпанның қарсылығын еңіп, немістердің ірі тіректі пунктін—Яновка селосын алды. Екінші бір құрамалық жауынгерлері Завадовка, Набоков хутор, Середин Яр, Янов және Млеев елді пункттерін алды. Осы учаскеде әскерлеріміз немістердің бірнеше бөлімшелерін жаудың негізгі тобынан бөліп алып, оны жоюда. Кеше совет әскерлері алған Киев облысының Гороліше аудан орталығына гитлершілдердің 1000 дан аса елді саналды. Немістерден 24 зеңбірек, 63 пүлемет және 1.000нан аса автомашина қолға түсірілді.

Летчиктеріміз душпанның қоршаудағы дивизияларына жүк еткізбек болған трекетін іске асырмай тастауда. Бір күні 10 ұрыстарында немістердің үш моторлы 10 „Ю-52“ транспорт самолеті және 4 истребителі атып түсірілді.

Апостолово қаласының батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен бірнеше елді пунктті алды. Бұл ауданда Н. бөлімінің жауынгерлері душпанның тылына шығып немістердің кері шегініп бара жатқан әскер бөлімдеріне атака жасады. Бұл ұрыстың бағысында 700 гитлершіл жойылды, едәуір неміс солдат мен офицері қолға түсірілді. Екінші бір учаскеде совет жауынгерлері алға басып, 3 рот гитлершілді жайратты, жаудың 15 зеңбі-

ре гін жойды және жүк тиегін 95 автомашинасын қолға түсірді.

Волынский облысы ауданының бірінде қыймыл жасап жүрген партизан отряды душпанның колоннасына тосқауылдан тап берді. Партизандар 17 автомашинаны, оның ішінде 1 жеңіл автомашинаны ішінде отырған 4 неміс офицерімен бірге жойды. 90 гитлершіл өлтірілді, жараланды. Екінші бір отрядтың партизандары немістердің сауыт қурсаған поезын құлатты.

Совет Информбюросының 31 январьдағы хабарында, венгер әскерлерінің Советтер Союзына қарсы соғысқа немістер жағында белсене қатынасып отырғандығы көрсетілді. Венгер телеграф агенттігі венгердің беделді тобының сөзіне сүйеніп, бұл айқын фактыны өтірікке шығарғысы келді, сөйтіп „венгер әскерлері Шығыс майданының алдыңғы шебінде ұрыстарға қатынасып жүрген жоқ“ деп мәлімдеді. Майданның алдыңғы шебінде венгер әскерлерінің немістер жағында екендігі ұрыстарда байқалды. Соңғы уақытта жүздеген венгер солдаттары мен офицерлері қолға түсірілді. Ұрыс даласында жекелеген ғана емес, тұтас бір құрама болып жүріп, олар не істеген деген орынды сұрақ қойылады.

Венгерлердің қолға түсу фактысының өзі венгер телеграф агенттігі мәлімдемесінің мүлде өтірік екендігін көрсетеді. Совет әскерлері жуырда ғана 18 және 19-венгер дивизияларының тағы басқа құрамаларының көптеген солдаттарын қолға түсірді. Венгердің 89 артиллерия дивизионындағы екінші батареяның қолға түсірілген кіші сержант Добоши Ферену мынағы мәлімдеді: „89-артиллерия дивизионы 19-жеңіл жаю әскер дивизионындағы 35-жаю әскер полкінің қарамағына берілді. Мен 1943 жылдың көктемінде көптеген венгер әскерлерімен бірге майданға келтім. Бізді Дон бойында талқандаған екінші венгер армиясының орнына жіберді. Дивизиямыз көп уақыттан бері ұрыстарға қатынасып жүр. Дивизия орасан көп шығынға ұшырады. Көптеген солдаттар соғысқысы келмей офицерлерден „бізді мұнда неге қуып екендеріңдер?“ деп сұрады. Жуырда біртөп солдат қашып кетті. Қашқындар ұсталып, соғыс-дала сотына берілді. Олар өлім жазасына бұйырылып, 105-венгер госпиталі тұрған ауданда атылды.“

Венгрияның билеу-төстеушілері Гитлерге жағынып, венгер солдаттарын өлімге айдап салып отырса да венгер әскерлері совет-герман майданында соғысып жүрген жоқ деп шімірікестен мәлімдеп отыр. Бірақ шындықты жасыра алмайсың. Қолға түсірілген венгер солдаттарының мәлімдемесі венгер гитлершілерін тағы да әшкерелеп отыр.

## Ауыспалы Қызыл ту алды

Двигательдер жасайтын заводтың жұмысшылар коллективі Қызыл Армияның тамаша өкелдеріне лайықты іспен ісаулап беруде. Олар январь айының программасын артығымен орындады. Завод январь айында планнан тыс 60 двигатель жасап шығарды. Завод Бүкілсоюздық социалистік жарыста үшінші орын алды. Сөйтіп облыстық партия комитеті мен облыстық совет аткомының ауыспалы Қызыл туына ие болды.

Осыған байланысты кеше заводта көп адам қатысқан митингі өтті. Митингіде заводтың бас инженері Тарарин жолдас сөз сөйледі.

—Біз завод жұмысшыларының қажырлы еңбек істеулері нәтижесінде Бүкілсоюздық социалистік жарыста хұрметті орын алдық. Бұл бізді бұдан былай да қажырлы еңбек істеуге міндеттейді. Февраль айында мұнан да көрнекті табыстарға жетіп, социалистік жарыста бірінші орын алу үшін барлық күшжігерімізді жұмсауымыз керек,—деді ол.

Завод коллективі ұлғайтылған жаңа міндеттемелер алды.

**Р. ЖАЙСАҚОВА.**

**Жауапты редактор  
Ө. ОСПАНОВ.**